


Бекітемін: 
МКҚК «Толағай» бөбекжайының
Әдіскері: Т. А Джауметбаева

Тақырыбы: «Түрлі - түсті асықтар»
(Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тәрбиеші: Джауметбаева Т

Қызылөзен 2025 жыл

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: Түрлі-түсті асықтар (2 жастағы балалардың саусақ моторикасын дамытуда асықтың маңызы)

Мақсат: Балалардың саусақ моторикасын дамытудың дағдыларын қалыптастыру. Ой-өрістерін кеңейту.

Көрнекіліктер: түрлі- түсті асықтар, ламинатталған суреттер, гуашь, қағаздан қиылған асықтардың трафареті.

1. Ұйымдастырушылық кезеңі

Тәрбиеші: Сәлеметсіздерме балалар! бүгін бізге карандаршы көптеген қонақтарымыз бар екен олай болатын болса, бәріміз орталыққа шығып, шеңберге тұрып, шаттық шеңберін жасап алайық!

Шаттық шеңбері:

«Армысың, жана күн»

Жарқырап күн ашылды

1. Оң қолды жоғары көтереді

Айналаға күн шашылды

2. Сол қолды жоғары көтереді

Қайырлы күн !

3. Қолдары алдына созады

Біз нәзік қыздармыз

4. Қолдарды кеудеге қояды

Қайырлы күн !

5. Қолдарын алдына созады

Біз ержүрек ұлдармыз

6. Қолдарын кеудеге қояды

2. Негізгі бөлім:

Балалар айналаға қарайықшы, бір сыбдыр естілетін сияқты бізге қонақ кім келе жатыр екен: **(Осы кезде жақсы әуен естіліп есік артынан Аю келеді)**

Аю: Сәлеметсіздерме балалар! Менін кім екенімді таныдыңдарма!

Балалар: Сәлеметсізбе! Ия сен аю!

Тәрбиеші: Ия балалар бұл аю екен.

Аю: Жарайсындар балалар! мен сіздерге өзіммен бірге тапсырмалар ала келдім. Орманда өзіме азық іздер жүріп қоржынымдағы асықтарымды шашып алдым. Балалар менің асықтарымды жинауға және тапсырмаларды орындауға көмектесесіздерме ?

Тәрбиеші: Балалар, біз бүгін ғажайып орман әлеміне саяхатқа барғалы отырмыз. Ендеше балалар Аюдың асықтарын жинап және бізге деген алып келген тапсырмаларын орындауға көмек беремізбе, балалар орындаймызба?

Балалар: Ияяяя

Тәрбиеші: Балалар олай болса барлығымыз автобусқа мініп орманға атанайық. Аю бізге қандай тапсырмалар дайындаған екенін карайық:

1- тапсырма

Үстел –үсті дидактикалық ойыны: “Түрлі-түсті ағаш үйдің ішіне асықтарды сәйкестендіріп жапсыру”



2-тапсырма

Асықтармен сурет салу. Гуашь құйылған ыдыстарға асықтарды батырып дайын асықтың суреттерінің үстінен бастырып шығу.

Ойын барысы: Гуашь құйылған ыдыстарға асықтарды батырып дайын асықтың суреттерінің үстінен бастырып шығу. Ең бастысы ұшқыр қиял мен өз ісіне деген сүйіспеншілік болса болғаны.



Негізгі сәті Музыка арқылы «Асық әнімен» балалардың қолына екі асықтан беріледі.



3-тапсырма

Ойын: “Түрлі -түсті асықтар мен баулар.”

Қажетті заттар: Негізгі төрт түстен құралған бау мен асықтар”

Ойын барысы: Асықты жіпке тізу Балалар боялып, тесілген асықтарды жіпке бір түстен соң екінші түске тізбектеп тізеді. Бұл тізбекті тізу арқылы бала түстермен танысып, бір – бірінен ажырата алады. Қолмен жұмыс жасау барысында баланың ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтарымен жұмыс жасауда баланың саусақтары иілгіш болып, жұмыс жасауға жаттығады.



жапсырма Ойын: «Қоржынға асық жинайық»

Қажетті құралдар: Қоржын, бакалажканың қақпақтарына жапсырылған асықтар.

Ойын барысы: Аюдың қоржынына орманда шашылып қалған асықтарды жинап көмектеседі.



Рефлексия:

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі орманға саяхатымыз ұнадыма. Біз орманда кімге көмек көрсеттік?

Балалар: Иә ұнады. Біз аюға көмек жасадық. Балаларды мадақтау.

Қорытынды бөлім:

Тәрбиеші: Балалар, біздің аю көңілденді, енді оның көп достары бар. сендерге рахмет айтуда. Аю бізге өзінің сүйікті құлпынайларын сыйлады.

Тапсырмаларды орындап болған соң, аю ризашылығын білдіріп қоштасады. Балалар топтарына қайтады. Келген қонақтармен қоштасамыз.